

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабек Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени  
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан

#### Редакционная коллегия

<b>Аймухамбет Ж.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Актаева К.</b>	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
<b>Абсадық А.А.</b>	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
<b>Есиркепова К.К.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
<b>Жусипов Н.К.</b>	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
<b>Курбанова М.М.</b>	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
<b>Камзабек Д.</b>	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
<b>Курсыжан Л.А.</b>	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
<b>Онер М.</b>	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
<b>Пименова М.В.</b>	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.  
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».  
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022  
Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.  
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89  
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

**Chief Editor Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

**Editor-in-Chief Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities  
Institute, Astana, Kazakhstan

#### Editorial Board

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkepova K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabek D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryshchan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

---

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

#### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

#### ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 16.21.33

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.10>**Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан  
(e-mail: sheru\_64@mail.ru)

**ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КІРМЕ СӨЗДЕР ҚОЛДАНЫСЫ**

**Аңдатпа.** Қазіргі латын әліпбиіне көшу мәселесі жан-жақты талқыланып жатқан кезеңде кірме сөздерді жазу жайы айрықша өзекті болып отыр. Бұл тұрғыдан келгенде ХХ ғасыр басындағы алаш оқығандарының шет тілі сөздерін қабылдау мен оларды жазу тәжірибесін терең зерделеудің мәні зор. Өйткені кірме сөздер емлесі сол кезеңде де қызу талқыланып, көптеген пікірталастарға арқау болған тақырып. Сол себепті осы мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының ең көрнекті өкілі, алаш көсемі, ірі қайраткер-ғалым Ә.Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы, олардың емлесі арнайы сөз болады. Әлихан Бөкейханның 15 томдық шығармалар жинағына енген еңбектерінде көптеген кірме сөздер қолданылады. Олар негізінен араб, парсы және орыс тілі арқылы енген батыс еуропа халықтары тілдерінің сөздері, кең тараған ғылыми терминдер. Алаш білімпазы орыс тілі арқылы енген батыс еуропа халықтары тілдері сөздерінің елеулі бөлігін қазақ айтылымына бейімдеп тұрқын өзгертіп жазса, енді бір бөлігін орыс тіліндегі қалпында өзгеріссіз жазады. Ал араб, парсы сөздерін негізінен түпнұсқа тілдегі қалпында, кітаби тіл дәстүрін бұзбай қолданады. Мақалада соның себептері мен ғасыр басындағы жазу, кірме сөздер емлесі жөнінде сөз болады.

**Түйін сөздер:** Әлихан Бөкейхан, кірме сөздер, араб, парсы сөздері, орыс тілі арқылы енген сөздер, тілдік норма, кітаби тіл, емле, жазу, әдеби тіл

**Кіріспе.** ХХ ғасыр басындағы қазақ оқығандарының еңбектерінде кірме сөздер жиі қолданылады. Әсіресе аударма оқулықтар мен оқу құралдарында, ғылыми еңбектерде кірме атаулар, ғылыми терминдер жиі кездесуі табиғи нәрсе. Әлихан Бөкейханның қазақша жазылған еңбектерінде де кірме сөздер аз емес. Олар негізінен араб, парсы, орыс және еуропа тілдерінің сөздері. Мұның себебі алаш білімпазының жастайынан орыс мәдениеті мен тілін жетік біліп, жоғары білімді маман ретінде батыс ғылымының жетістіктері жөнінде үздіксіз ақпарат алып отыруымен қатар «ортақ түркі жазба тілінің» жазу дәстүрімен де таныс болуымен байланысты. Алаш қайраткерлері шығармаларында батыс тілдерінің сөздері көбіне орыс әдебиеттерінен алынса, түпнұсқаға жақын араб, парсы кірмелері «шағатай» әдеби тілінен пайдаланылды.

Тілге кірме сөздердің енуіне ең алдымен көрші халықтардың бір-бірімен аралас-құраластығы, мемлекеттердің өзімен іргелес елдерге ықпалы негіз болатыны мәлім. Қазақ тіліне кірме сөздердің енуі жөнінде осы мәселені арнайы сөз еткен лингвист ғалымдар мынадай пікір айтады:

«Тіл-тілде басқа тілден енген сөздер көбіне сыртқы себептерге байланысты пайда болады. Сыртқы себептер дегеніміз сөз алушы халықтың басқа халықтармен байланысынан пайда болатын сөз ауысу процестері. Мысалы араб немесе мұсылман халықтардың ислам дінін енгізуі, моңғол шапқыншыларының ұзақ уақыт билік жүргізуі, қазақ халқының Ресейге қосылуы қазақ тіліне көптеген сөздің енуіне себеп болды [1, 29].

Ғалымның осы айтып отырған себептеріне үңілсек, олардың барлығы да екі халықтың өзара тең дәрежедегі қарым-қатынасына негізделмегеніне тарихтан көптеген дерек-дәлел келтіруімізге болады. Бұлардың түбінде мемлекеттердің әскери күш-қуатына сүйене отырып жер аумағын кеңейту, экономикалық және мәдени үстемдігін орнату мақсаты жатқаны жасырын емес.

Жалпы өзге тілдермен сөз алмасу ежелден бар құбылыс. Әлемде қандай тіл болсын таза қалпын сақтап, өзгермей тұра алмайды. Көрші ұлыстар бір-біріне тек үстемдік орнату үшін ғана емес өзара тең дәрежедегі саяси-экономикалық, ғылыми-мәдени, дипломатиялық байланыстар жасау арқылы да сөз алысып-берісіп отырады. Мұндай жағдайда ғылым мен технологиясы, мәдениеті озық дамыған жұрттардың сөздері, ғылыми терминдері өзге тілдерге көбірек тараған, қазіргі кезеңде де оны анық көріп отырмыз.

«Тіл қанша бай болғанымен, басқа тілдермен қарым-қатынассыз, өз бетімен, тек өзінің ішкі мүмкіндіктерінің шеңберінде ғана дамып қоймайды. Сол тілдің иесі басқа халықтармен әр жағдайда қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде, тілдердің бір-біріне ауыс-түйіс жасап, әсер-ықпал етіп отыратыны белгілі» [2, 501].

Түркі халықтарының да сонау көне замандардан бері көршілес елдерден сөз алып, бергені белгілі. Шет тілінің сөзін қабылдаушы ұлттың өз тіліне бейімдеп, фоно-морфологиялық заңдылықтарына бағындырып қабылдауы өте маңызды. Өзге тілдің сөздерін өз тілінің дыбыстық заңына сай бейімдеп, алушы тілдің табиғатына сәйкестендіріп өзгертіп қолдануы сөз алушы тіл иелерінің тілдік иммунитетінің мықтылығын, ана тілінің өзіндік ерекшелігін, төл қалпын сақтау мүмкіндігін де көрсетеді. Қазақ тіліне қатысты сөз еткенде өзге тіл сөздерін өзгертіп, бейімдеп қабылдау ертеректегі тарихи кезеңдерде ғасырлар бойы сақталып келгенімен, XX ғасырдың басынан бастап жазба тілінің дамуы мен үстем мәдениет иесі саналатын халықтар тілінің, негізінен орыс тілінің ықпалының күшеюі салдарынан әдәуір шектеліп, сөз беруші тілдің емле ережесіне мойынсұну үдерісі аңғарылады. Мұны лингвист ғалымдар зерттеулері де растай түседі. Мәселен, лексиколог ғалым А.Айғабылов былай деп жазады: «Араб-парсы және моңғол тілінен енген сөздер ауызша қабылданғандықтан фонетикалық өзгерістерге ұшырап, қазақ тілінің дыбысталу заңына сай қолданылып, басқа тілден енгендігі аңғарылмайтын халге



түскен. Орыс тілі арқылы түскен сөздердің ішінде революцияға дейін енген сөздер ауызша енгендіктен фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Ал, революциядан кейінгі сөздердің айтылуы да, жазылуы да орыс тіліндегі қалпында сақталады [1, 30].

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** XX ғасыр басында жарық көрген еңбектер мен мерзімді басылым беттерінде кездесетін араб, парсы және орыс тілдерінен енген кірме сөздер түпнұсқа тілдегі қалпын сақтап та, қазақ тіліне бейімделген нұсқаларында да қолданылады. Бұл шет тілі сөздерін қабылдап, қазақша жазудың емлесі толық орныға қоймағандығынан да хабардар етеді. Әрине, жаңа әліппе қолданысқа еніп, жазуға үлкен реформа жасалып, қазақтың сөйлеу тіліне негізделген жазба әдеби тіл қалыптасып жатқан сол кезеңде, қысқа уақытта тілдік нормалардың бірден орныға қоюы да мүмкін емес еді. М.Балақаевтың: «Термин сөздерді молынан, дұрыс принциптеріне негіздеп, ұйымдасқан түрде қабылдау 1930 жылдардан кейін басталды» [6,205] деп отырғаны да мәселенің осы қыры болатын. Бұл жерде ғалымның орыс тілінен сөз, термин қабылдаудың советтік ұстанымын «дұрыс принциптер» деген пікірі сол заман саясатының ырқына бағынып айтылғанымен, «ұйымдасқан түрде» деген сөзінде шындық бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

«Алаш көсемі Әлихан Бөкейханның ұлт тілінің жасампаздығына сіңірген тарихи қызметі ұшан-теңіз. Қайраткер руханият, саясат саласында ғана емес, ана тіліміздің тұғырын бекітудегі тағылымды еңбектері назар аударарлық» [7, 192]. Оның ішінде саяси көсем Ә.Бөкейхан еңбектерінде қолданылған кірме сөздер де оларды жазу нормасының әлі де жазба тілде берік беки қоймағанын айғақтай түседі. А.Байтұрсынұлы бастаған алаш оқығандары бөтен тілдің сөздерін ұлт тіліне бейімдеп алу бағытын ұстанды. Олар өз ұстанымдарына берік болып, аз уақытта көп іс тындырды. Алайда 30-жылдары қуғын-сүргінді бастап кеткен советтік режим алаш зиялыларының ұлт тілі заңдылықтарының толық үстемдік етуін қамтамасыз ететін ғылыми негізделген емле ережелерін басшылыққа алуға мүмкіндік бермеді.

Алаш көсемінің еңбектерінде қазақ айтылымына бейімделіп жазылған орыс тілінен енген сөздер де орыс тіліндегі нұсқасын сақтай отырып қолданылған сөздер де бар. Осының барлығы ескеріле келе, мақалада Ә. Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысын анықтау үшін салыстырмалы-салғастырмалы әдістер қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ тілінің айтылымына бейімделіп алынған кірме сөздер. Кірме сөздерді тілімізге қазақтың айту мәнеріне қарай икемдеп алып, айтып-жазу ертеден келе жатқан дәстүр. Оған лексикалық қорымыздағы жүздеген араб, парсы, иран, қытай, моңғол тілі сөздері дәлел болады. XIX ғасыр мен XX ғасыр басында да осы дәстүр жалғасын тапты. Қазақ оқығандары кірме сөздер мен түрлі саланың терминдерін ұлт тілінің дыбыстық жүйесіне икемдеп, дыбыстар тіркесінің ерекшеліктерін ескере отырып жазды. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан еңбектерінен де соны анық көруге болады. Оған оқымыстының түрлі

еңбектерінен алынған мына төмендегі кірме сөздер мысал бола алады. Орыс және Еуропа тілдерінен бейімделіп алынған кірмелер:

«XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі мерзімді баспасөз тілінде қолданылған орыс тілінен енген, орыс тілі арқылы келген интернационалдық лексиканың мағыналық шеңбері, тематикасы біршама кең. Ол сөздердің көбі саяси әлеуметтік өмірге, мәдениетке, оқу-ағарту ісіне, экономика салаларына, ғылым мен техникаға, т.б. байланысты атаулар еді» [2, 502] – деп жазады С.Исаев.

Бөкейхан тіліндегі орыс сөздерінің де көпшілігі сол кездегі саяси, экономикалық, мәдени және білім-ғылым саласындағы өзгерістермен байланысты атаулар екені рас. Сол кірме сөздердің кейбірі (жарыспалы варианттары да бар) төмендегідей: ағұс//ауғус (1-т. 56; 9-т. 108, 259), адуакат (1-т. 85), айрплан (8-т. 198), аутократ (9-т. 63-б.), аутономия (10-т. 73), апрел//әпірел (8-т. 193, 301; 9-т. 50, 222, 11-т. 481), әпесер //әфитсер//офитсер (8-т. 243, 281, 409, 448; 10-т. 208; 13-т. 374), әртел (1-т. 196), әтряд//әтрәд//әтірәт (8-т. 585; 9-т. 143; 10-т. 77, 90; 11-т. 486), бақал (бакалея 1, 39), бәлшебек (9-т. 222, 223, 259; 10-т. 74, 76, 77), бодород (12-т. 259), бөкебай (пуховой. 13-т. 327), бөлид (болид. 12-т. 254), градыс (12-т. 242), гүберне//губерне//гүбірне (8-т. 123, 225; 11-т. 211; 12-т. 116, 117, 14-т. 73), губернетір (13-т.374), декабр//декәбір (8-т. 301; 9-т. 260; 11-т. 491), десетине (12-т. 195), десятине/десетина (8-т. 187, 14-т. 73), електір (12-т. 261), електірлік (12-т. 260), електірон (12-т. 261), електір-мағынит (12-т. 261), жандарал//жанарал (8-т., 201, 214, 276; 9-т. 82; 10-т. 82-б.), жандарым (13-т. 324, 325, 326), журнал (1-т. 49), зауыд//зауыт (8-т. 194,514-515; 11-т. 491), кимиеші (химик. 12-т. 254), кнәз//кінәз (1-180, 8-т. 163, 193), қақос (8-т. 109), лұпа (лупа) (13-т. 265), магинит//мағынит (12-т. 261), мәшине (8-т. 208-б.), медәл (8-т. 163), мелісе (13-т. 327), метеуір (12-т. 254), монастыр (8-т. 191), ояз (1, 45), натыр (12-т. 256), ноябір (9-т. 119, 249), отылошке (12-т. 208), оязнай (уездный начальник, уездное управление) 1-т. 45, 50, 167), өктәбр//өктәбір//өктәбрь//өктәбір//өктәбір (8-т. 140, 217, 246, 303, 345; 9-т. 108, 11-т. 473, 487), өктәбрист (8-т. 128), панар (11-т. 486), паракот (параход) (13-т. 327), пәдіретшік (12-т. 208), пелішер (13-т. 297), подрәт //подрят (8-т. 194), прегауар (1-т. 196), переселен (8-т.187), переуадшик//перуәтшік//пероуодшик//переводшик (1-т. 180; 9-т. 88, 143), перуад (перевод 1-т., 64), пәсір (8-т., 281), пәліс (12-т. 237), приказшік (1-т. 79), просент (1-т. 39), протоқол (8-т. 194), пісәтіл (писатель) (8-т. 473), расхот (1-т. 173), салдат (8-т. 156, 208, 228, 229, 410; 9-т. 47), сәбет (совет. 11-т. 486), секөнт (12-т. 137), сентәбр//сентәбір (8-т. 134, 228; 9-т. 105; 11-т. 490), сиез (8-т. 317, 345, 383, 386; 9-т. 42,234 ), сифыр//сипыр (11-т. 489; 12-т. 115), сөтке (8-т. 111), списке//спісік//іспіскі (9-т. 82-83, 99), статия (8-т., 222), судия (8-т. 142), телеграм (8-т. 198), телеграп (12-т. 261), телепон (12-т. 261), тырақома (трахома. 13-т. 292), тырамбай (12-т. 261), үйез (8-т. 188; 12-т. 116), үшәске (8-т. 187), үшител (8-т. 398), феврәл//феурал (8-т.134, 9-т. 42,222; 10-т. 130), шенеунек// шенеунік (8- 131, 276, 543, 14-т. 74; 10-т. 183), шілен//шлен (член) (8-т. 380, 432, 505; 9-т. 119), ыстақан (1-т. 78),

ыстанса (9-т. 146, 166), ыстаршын (1, 45; 9-т. 75), ыстатия (8-т. 126, 198, 301, 9-т. 71), ыстол (9-т. 140), ыстудент (9-т.79,112, 115, 204,13-т. 327), ышкаф (8-т. 197), ышкола//ышкол//ішкөл школ 8-т. 168, 398, 437, 445, 460, 499), 9-т. 77, 102, 103), ышпион (8-т. 324, 448), ыштаб (9-т. 143), ыштраф (1-т. 80; 9-т.75), іспісік//іспіскі//спіске//спісік//ыспіскі (8-т. 191; 9-т. 83, 88, 99; 10-т. 81), іспектір (12-т. 257, 258, 259), істепендия (9-т. 77), ыстатия (8-т. 129; 9-т. 54), ышпион (8-т. 448), януар (8-т. 300, 445, 9-т. 140), т.б.

Мысалдарда көрілгендей Ә. Бөкейхан қолданған орыс тілінен енген кірме сөздердегі «в» дауыссызы «у, б» фонемаларымен алмастырылған: ауғус, адуақат, аутократ, аутономия, бәлшебек, бодород, переуатшік, тырамбай, зауыт, прегауор, феурал, сәбет т.б.

Тіл тарихын зерттеуші ғалымдар орыс тіліндегі «в» дыбысының орнына «у/б»-ның жазылуын былайша түсіндіреді:

«В» тілімізге орыс тілі арқылы келген фонема. Алайда мұның «ф, х» фонемаларынан айырмашылығы араб әліпбиінде оны белгілейтін арнайы таңбаның кездеспеуі. Басқа тілден енген сөздердегі бұл фонема, оны белгілейтін таңбаның болмауына байланысты, газеттерде басқа фонемаға айналып отырады. «В» дыбысының орнына ең көп қолданылған форма «у»: переуад, зауод, сауетник, фиурал. Кей жағдайда «в» дыбысының орнына «б» әрпі де жазылып отырған: чиновник, доберность, белосипед» [5, 54-55].

Өткен ғасырдың басындағы кірме сөздерге тән келесі құбылыс, қазақ тіліне тән емес «ф» дыбысының «п» болып жазылуы. Араб әліпбиінде «ф» деген таңба болғанымен Ә. Бөкейхан оны кейде халық тіліндегі нұсқасы бойынша жазған, мысалы: әпесер, панар, сипыр, телеграф, телепон.

Сол секілді қазақ әдеби тілінде жоқ «ч» дыбысы «үшәске, үшител, шенеуек, пілен» секілді «ш» фонемасымен таңбаланған. Орыс тіліне тән «ц» дыбысы «с»мен жазылған: әфитсер, мелісе, прәсент. «Я» дифтонгі де «е/ә» дыбыстарымен алмастырылған: әтрәд, гүберне, десетине, кимие, кнәз, өктәбр, подрәт және т.б.

XX ғасыр басында қазақ оқығандары с әрпінен басталатын кірме сөздерді ыстақан, ыстанса, ыстаршын, ыстатия, ыстол, ыстудент, іспектір, істепендия, іспісік // іспіскі // спіске // спісік // ыспіскі деп, ал ш әрпінен басталатын кірмелерді ышкаф, ышпион, ыштаб, ыштраф, ышкола//ышкол//ішкөл секілді алдына ы/і қысаң дауыстыларын қосып, қазақ айтылымына мейлінше бейімдеп алғанын көруге болады. Қазақ тілінде орыс тіліндегідей ст, сп және шк, шп, шт дыбыс тіркестеріне сөз басталмайтындықтан олардың алдына қысаң дауыстылар қосылған. Орыс тілін жетік білген Ә.Бөкейханның өз еңбектерінде шет тілі сөздерін бұлай жазуы оның да бұл мәселедегі ұстанымы А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы сынды алаш зиялыларымен бір болғанын көрсетеді.

С/ш дыбыстарымен басталатын орысша сөздер Абай шығармаларының қолжазбаларында да қазақ тілінің айтылу заңына сәйкес «ы» дыбысы қосылып жазылған. Мәселен, патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатын жүзеге

асырған әкімшілік жүйесі қызметшісінің атауы ретінде қолданылған орысша старшина термині қазақ даласында ертерек дәуірлерден бері қолданылған. Абай шығармаларының 1909 жылғы жинағында (кейінгі жинақтардың барлығындағы старшын деп беріліп жүргені өлеңнің буын санына да сәйкес келмейді) Алаш зиялылар қолданғандай «ыстаршын» деген «қазақы қалпында» кездеседі:

Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу ыстаршын, аш билер  
Аз жүрегін жалғайды [3, 16].  
Ыстаршын, биді жиғыздым:  
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,  
«Ат жарамды, үй жақсы  
Болсұн, бәрің күтүн» деп [3, 19].

Абай өлеңдерінің 1909 жылғы басылымында «есеп, шот» мағынасындағы орысша счет сөзі ышот деген «қазақы» фонетикалық түрінде, яғни «ы» дыбысы қосылып жазылғаны назар аудартады:

Я байларға хызмет қыл,  
Ерінмей шауып желуге.  
Алал жүріп, алал тұр,  
Ышотың тура келуге [3, 52].

Сондай-ақ, орыс тілінің емле заңына сай здравомыслящий деп жазылып жүрген сөз 1909 жылғы баспада сөз басына «ы» дыбысы қосылып, ысдраваймыслящий деген вариантында қолданылған:

Айтыңызшы болсаңыз  
Ысдравай мыслящий  
Ақыл айтпай ма ағасы [3, 52].

Қазақ тілінде сөз басына «ы/і» дыбысының қосылып айтылуы әсіресе «л, р» дауыссызымен басталатын сөздерде жиі көрінеді. Бұл ең алдымен түркі тілдерінде сөздердің «л» немесе «р» дыбыстарымен бастала бермейтінімен байланысты болса керек. Қазақ тіліндегі лақ секілді бірен-саран «л»мен басталатын сөздердің өзі түбі оғлақ деген көне нұсқадан келіп, айтылғанда «ылақ» деп жұмсалады. «р/л»мен басталатын кірме сөздер қазақ әдеби тілінде дауысты дыбыс қосылып жазылмаса да ауызекі тілде сөз басына «ы/і» (кейде «ү») қосылып айтылады, мысалы лай, лайық, лас, рай, рақмет, разы, рас, рет секілді сөздер ылай, ылайық, ылас, ырай, ырақмет, ыразы, ырас, ірет деп дыбысталады. Абай қара сөздерінің қолжазбасында жаппай «ырас» деген тұлға қолданылады. Мысалы, Ей қайрат, сенің айтқанұңның бәрі де ырас. Ол айтқандарұңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары ырас, сенсіз болмайтұғұны да ырас (Мүрсейіт қолжазбасы). Қара сөздер қолжазбасында «Егер де ісім өнсүн десең іретін тап» деген сөйлемде рет сөзі «ірет» деп жазылған.

С. Мырзабеков қазақ тіліндегі протеза құбылысын былай сипаттайды: «Үнді дыбыстардан басталатын сөздеріміз аз. Соның өзінде «м» болмаса, қалғандарынан (л, р, н, й, у) басталатын байырғы сөздер аз. Содан да болар, «л, р» дыбыстарынан басталатын кірме сөздердің алдынан міндетті түрде қысаң дауыстылар (ү, ү, ы, і) жамалып айтылады. Тіл білімінде мұны протез (грек. prothesis – алдында тұру) деп атайды. Араб-парсы тілдерінен енген сөздерде бұл айқын сезіледі. Өлең жолдарында өз алдына буын құрап тұрады. Мәселен Малға сат, пайдаға сат қылығыңды, Ылайла ылай оймен тұңғыңды (Абай) мұнда жазылу нормасына лайықтап, лай деп айту (жазу) өрескелдік болар еді» [4, 53]. Ғалымның айтқанындай, Абайдың өлеңдерінде кей сөздер әдеби тіл нормасына жазылып берілгендіктен буын саны сәйкестігі бұзылып жүр, мысалы төмендегі өлеңді ыстаршын деп оқымасaq шумақтың буын саны бұзылады:

Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.  
Қу старшын, аш билер  
Аз жүрегін жалғайды.

Үшінші жолдағы старшын, ыстаршын деп жазылса, буын саны жағынан алдыңғы жолдармен үндеседі.

Алаш қайраткерлерінің еңбектері мен Абай шығармаларында «с/ш» дыбыстарынан басталатын сөздерде де протеза құбылысы болғаны назар аудартады. Протеза құбылысы «р, л» дыбыстарының алдында ғана емес жоғарыдағы мысалдар көрсетіп отырғанындай оның с/ш дауыссыздарының алдында болатыны байқалды. Мұндай мысалдарды С.Мырзабеков с/ш дыбыстарының алдындағы протеза құбылысы деп ажыратып айтпаса да «Қазақ тілінің фонетикасы» оқулығында келтіреді:

«Екі-үш дауыссыздан басталатын орыс сөздері протезамен айтылады: ыстанция, ычтақан, ыстанок, ыстимул, ыстатус, ышкаф, істенд, істиль, іспектр, іспирт, ішквив, ішпирц. Мұның жазудағы көрінісі – үстел» [4, 103]. Бұл құбылыс нәтижесінде пайда болған әдеби тілде ораза, орыс, орамал, т.б. сөздер бар.

Қазақ тіліндегі стан қосымшасы да сөз арасында ыстан түрінде оқылатыны белгілі. Мысалы: Қазағыстан, Өзбекістан. Түрік тілінде тіпті солай жазылады да: Kazakistan, Kirgizistan, Turkmenistan.

Ал сол тұстағы «Дала уәләты» газетінде кірме сөздердің басына «ы, і» дыбысының қосылуы кездесе бермейді:

«Әдетте қазақ тілінің фонетикалық заңы бойынша айтылуда «р»дан басталатын сөздердің алдынан қысаң дыбыстардың бірі қосылып отырады. Тілге ертерек еніп, қалыптасып кеткен бірен-саран шетелдік сөздердің жазылуында мұндай құбылыс байқалғанымен (орыс, русский), негізінен газет редакциясы бұндай сөздерді жазуда жазу стилінің дәстүрін сақтап, сол тілдегі тұлғаларын өзгертпей жазуға тырысқан» [5, 49].

Әлихан Бөкейханнан жоғарыда келтірген мысалдардан көріп

отырғанымыздай бір кірме сөздің 2-3, кейде 4-5 нұсқасы жарыса қолданылады. Мысалы: әтрәт/әтрәд, гүберне/гүбірне/губерне, ояз/оязнай, ыстаршын/ыстаршин, ыштрап/ ыштраф, ішкөл/ышкол және т.б. Мәселен, Қыр баласының «Серуен жасап зерттеу әдісі» («Жаңа мектеп», № 9-10, 1926 ж. 13-т. 265-269-б.) атты бір ғана мақаласында қазіргі қолданыстағы «тәжірибе» сөзі тәжірибе/тәжірибә/тәжіриба/тәжірибия түрінде 4 түрлі нұсқада жазылады. Біз мұрағатқа барып, бұл атаулардың жазылуын газет мақаласының түпнұсқасымен салыстырған жоқпыз. Ол міндетті өз мойына алып, Ә.Бөкейхан шығармаларының жинағын шығарып, ғылыми айналымға шығарып отырған құрастырушы мен редакция алқасына сендік. Дегенмен кімге де болса Әлихан Бөкейхан сынды аса білімді де сауатты ғалым бір сөзді сан құбылтып, неліктен бірнеше нұсқада қолданды екен деген ой келері сөзсіз.

Ал енді бір сөздің 1-2 нұсқасының қолданылуы жиі көрініс беретін жағдай. Бұл құбылыс кірме сөздер қолданысының алғашқы кезеңіне тән. Алаш білімпаздары алғашқы қазақша газет-журнал шығарып, мақалалар, оқулықтар мен оқу құралдарын жазып көпшілікке ұсынып жатқан XX ғасыр басында бұлай болуы да табиғи үрдіс. Мәселен, Ә.Бөкейхан еңбектеріндегі «ыстудент» сөзі Т. Шонанұлы мен М. Жолдыбайұлы оқу құралында «үстідент» деп қолданылады. Осы авторлардың еңбектерінде сол кезеңде ең жиі қолданылатын бір ғана «коммунист» сөзінің кәмүніс//кәмүнес//комөнес//комонес//көменес түріндегі 5 нұсқасы кездеседі (ортақшыл деген қазақша баламасының болғаны белгілі). Осы мысалдардан-ақ ол кезеңде көптеген кірме сөздің бір нұсқасы електен өтіп, қолданысы әлі тұрақтай қоймағанын көруге болады. Ә.Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздердің жарыса жұмсалуды мына төмендегі кестеден салыстыра көруге болады:

Ә.Бөкейхан еңбектерінде қолданылған кірме сөздердің нұсқалары					
орысшасы	1	2	3	4	5
апрель	әпірел	әпрел			
губерния	гүбірне	гүберне	губерне		
завод	зауыт	зауыд			
коммунист	кәмүніс	кәмүнес	көменес	комөнес	комонес
октябрь	өктәбір	өктебір	өктәбр	өктәбір	өктәбрь
опыт	тәжірибе	тәжірибә	тәжіриба	тәжірибия	
отрядь	әтірәт	әтрәт	әтрәд	әтряд	
офицер	әпесер	әфитсер	офитсер		
переводчик	перуәтшік	перуадшик	пероудшик	переводшик	
совет	сәбет	сәует			
список	іспісік	іспіскі	спіске	спісік	ыспіскі
старшина	ыстаршын	ыстаршин	старшын		
школа	ішкөл	ышкол	школ	ышкола	

Ә.Бөкейхан еңбектерінің жинағында мұндай жарыспалылық болуының негізгі үш себебін атап көрсетуге болады. Біріншісі – ХХ ғасыр басы қазақтың ұлттық ғылым тілінің, баспасөз тілін, кеңсе тілінің қалыптасып жатқан кезеңі. Бұл кезеңде қазақ тіліндегі термин шығармашылығы, хат таныған қалам иелері тарапынан ұсынылған жаңа баламалардың жарыса ұсынылуы табиғи құбылыс. Ондай атаулардың бірі әдеби нұсқа ретінде орныға қоймағандықтан солай қолданылған. Яғни, кітапқа енген синоним, вариант, дублеттер ғасыр басындағы қолданысы бойынша берілген. Автор мәтінінің түпнұсқалығын сақтау тұрғысынан бұл өте дұрыс. Екіншісі – әртүрлі қазақ басылымдары жаңа атаулар мен терминдердің түрлі баламаларын, түрлі фонетикалық нұсқаларын қолданғаны байқалады. Газетке, журналға ұсынылған атауларға редакция тарапынан түзетулер, өзгерістер де енгізілуі мүмкін. Бұл жерде мақала авторының өзі қай нұсқаны қолданғанын анықтау аса ыждағаттылықты, арнайы ізденісті қажет ететін жұмыс. Үшіншісі – Ә.Бөкейхан еңбектерін архивтерден, түрлі басылымдардан жинап, көшіру, теру, баспаға ұсыну кезінде де кеткен қателер бар. Онымен қоса, зерттеуші, құрастырушы тарапынан Ә.Бөкейханның еңбегі деп танылып, шығармалар жинағына енген еңбектер арасында алаш зиялысының авторлығымен жарық көргендігі әлі нақтылауды қажет ететіндері де жоқ емес. Әсіресе, түрлі бүркеншік есімдердің Ә.Бөкейханға тиесілі екені күмән келтірмейтіндей дерек-дәйектер арқылы әлі де жан-жақты дәлелденуі керек.

Жалпы ұлт тілінің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларының берік, тұрақты болуы – халықтың жазу, сөйлеу мәдениетінің өсу деңгейіне тікелей тәуелді. Шағатайшалап жазудан, орыс және татар тілінің ықпалынан арылып, А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыс жүйесін дәл бейнелейтін төл әліпбиін жасап, ұлт ұстазы бастаған алаш зиялылары сөйлеу тіліне негізделген ұлттық жазба әдеби тілді қалыптастыру, дамыту кезеңін бастан кешіп жатқан ХХ ғасыр басында орфографиялық нормалардың орнықты болмауы табиғи нәрсе еді. Анығында бұл бүгінгі жазба тілдің емле ережелері, орфографиялық нормалары жасалып, қолданысқа еніп жатқан уақыт еді. Сондықтан түрлі басылымдарда, жазба мәтіндерде әртүрлі нұсқада жазылған кірме сөздердің кездесуі, бір автордың ондай сөздерді бірнеше нұсқада қолдануы сол уақытқа тән сипат. Әдеби тіл, сөз мәдениеті мәселелерін арнайы зерттеген көрнекті ғалым М.Балақаев норма жайын сөз ете отырып: «1920-1930 жылдары баспадан шыққан әдебиеттер тілінің сапасы аса жоғары дәрежеде болмағаны белгілі» [6, 237] деп, осы кезеңнің баспа өнімдерінің тіліне баға берген еді. Ғалымның советтік идеология тұрғысынан қарай отырып айтылған бұл пікірінің саяси астары да болғанымен сол кезеңнің жазу мәдениетіне қатысты айтқаны негізсіз емес.

Т. Шонанұлы мен М. Жолдыбайұлының 1927 жылы (Мәскеу, Қызылорда), «Қазақстан мемлекет баспасынан» жарық көрген «Жаңа арна» деп аталатын бастауышқа арналған (алғашқы жылдық оқу құралы) оқу құралынан алынған «Ақымет тұжырмай» деген шағын әңгіме мәтінінен алынған мына сөйлемдерге

назар аударайық: «Ақыметке тұжырнай болатұн кезек келді. Әйтседе – демалысқа шық дегенімде балалар да тілімді алып қыластан шыға қойама – деп қорықты. Ақымет барлық міндетті жұмысын дұрыс атқарып тұрды; демалыс болған сайын терезенің ашпасын ашып, қыластың әуесін тазартты. Қыласты тазартып сыпырып тұрды. Тұжырнай болатұн күні Ақымет мектепке елден бұрын келді. Тұжырнай болуы Ақыметке аса ұнады. Ішінен – Күнде тұжырнай болуға да ерінбес едім – деп ойлады».

Осы сөйлемдердегі «тұжырнай» орыс тіліндегі «дежурный» сөзінің қазақ айтылымына бейімделіп алынған нұсқасы. Сөз тұлғасы түбегейлі өзгеріске ұшырағандықтан бір қарағанда бұл сөзді «дежурныйдың» қазақы кейіпке енген түрі екенін тану өте қиын. Түпнұсқа тілдегі сөз тұлғасы адам танымастай болып өзгерген деуге болады. Бұл сөздің орыс тіліндегі морфологиялық құрылымы – дежур/н/ый. Тілге бейімдеу жазу барысында авторлар оны бұлай жіктеп-жіліктеп жатпай-ақ «дежур» түбірін – «тұжыр», -ный (н/ый) суффиксін «най» деп, қазақ айтуына лайықтап алған деп ойлаймыз.

«Пебырал», «өктәбір» (Пебыралдан – өктәбірге), «декібір» тәрізді ай аттары мен сібекле, мәркөп, кәртөп (Кәртөптің домалақ дәндері, мәркөп, шалқан, сібекле, алардың (сол кезеңге тән қолданыс, мысалы Абайда аның үшін (ол үшін)) жұуан тамыры қазылып алынады) тәрізді көкөніс атаулары да тілге барынша бейімделіп, өзгертіліп жазылған. Оқу құралында орыс тіліндегі «овощ» сөзі – «обыш» (Обыш жыйнау) деп жазылады. Осы сияқты аталған еңбектегі көп жағдайда бірнеше нұсқасы жарыса жұмсалатын сәтсіялілізім пійәнер//пійенер, қалқоз, сапқоз, сапқозшы, кәмсамол, партыйа, пұрылтарыйат//пролетарыйат, кәмійтет, үністійтүт, өктебір, метір, пәбірік, зауыт, кәпійталшы, сійез секілді сөздер де елеулі өзгеріске ұшыраған. Мысалы: «Оны бастаған Кәмүніс партыйасы» «Кәмүнес партыйасының өсүүі», «Кәмүнестік жігері мен, қолындағы қызыл тұуын желбіретеді», «Қырағы комөнестер партыйасы, пролетарыйат жұртшылығы бұл кемшілікті мезгілінде сезіп, есептеп тійсті шара қолданып отыр», «Содан бері пәбірік-зауыттар жұмысшылардың қолында, жер еңбекшілердің қолында», «Сонан бері Қазақыстан өктебірдің төртін жылда мыйрам қылады», «Ысталын жодас біздің кеңес одағы мен кәпійталшылар мемлекетін салыстырады», «Қар жауғаннан кейін ұзындығы бір метірдей тайақтар алып далаға шықтық», «Сапқозшылар жұмыс істей біледі» сияқты сөйлемдер соның дәлелі.

Оқу құралында жалпы есім сөздер мен қоғамдық-саяси лексика ғана емес, жалқы есімдер де тілге бейімделіп жазылады. Мысалы, кеңестік кезеңнің ең беделді, ел аузынан түспей ең жиі айтылатын марксизм-ленинизм теоретиктері мен көсемдерінің есімдері де қазақ айтылымына бейімделіп Маркіс, Ленін, Ысталын түрінде жазылады. Кісі есімдері мен фамилиялары жай өзгертіп қана қоймай, оларды қазақтың дәстүрлі аты-жөн үлгісіне салып жазу үрдісі де байқалады. «Жаңа арна» сияқты көп таралыммен мемлекеттік баспадан шығып



отырған оқу құралында солай жазылады. Мысалы: «Бүгінгі күн бұдан 60 жыл бұрын Ресейге, Еділ бойының бір қаласында жер жүзінің пұрылтарыйаттарының, жер жүзінің еңбекшілерінің көсемі Быладемір Ыйлыа ұлы Лениннің тұуған күні». «Быладемір Ыйлыа ұлы 1895-нші жылы декібір айында тұтқынға алынып, Петірбор абақтысында отырды». «Ысталын жолдастың сійезге айтқан», «Быладімір кішкене күнінде ойыншыл еді» және т.б.

Мысалдан көріп отырғанымыздай компартия көсемі Владимир Ильич Лениннің аты-жөні қазақша – Быладемір Ыйлыа ұлы Ленин деп жазылады. Қызыл көсем есімі – Быладімір//Быладемір, ал әкесінің аты – Ыйлыа ұлы// Ыйлыа ұлы түрінде әркелкі таңбалады.

XX ғасыр басында жарық көрген еңбектер мен газет-журналдарда осындай үрдіс болды. Ә.Бөкейхан қолданған кірме сөздер туралы жазып отырып өзге авторлардан да мысалдар келтіруіміздің себебі бір жағынан бұл құбылыстың XX ғасыр басында жаппай көрініс бергенін көрсету. Екінші жағынан, дәл қазіргідей бізде кірме терминдер мен сөздерді тілге икемдеп жазу мәселесі күн тәртібіне шығып, қызу талқыланып жатқан кезеңде Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы бастаған алаш оқығандарының бұл мәселедегі ұстанымдарын да терең зерделеу қажет екенін естен шығармасақ деген тілек.

Қыр баласының еңбектерінде бақал, пераудшик сияқты «Сонан соң аз-аздан бақал сата бастайды» (1, 39), «Бұл артель ісіне, менің естуім бойынша, біздің үлкен переуадшик Рахымжан Дүйсенбайұғлы кіріскен» (1-т. 180) аса көп өзгеріске ұшырай қоймаған түпнұсқаға жақын етіп алынған сөздер негізі басымырақ кездеседі. Автордың кірме сөздерді түпнұсқаға мейлінше жақындатып алу қағидатын ұстанғаны, сол кезеңде әріптес замандастары жаппай қолдана бастаған, көпшілік таңдаған кірме сөздер нұсқасын жиірек пайдаланғаны да байқалады.

Әлихан Бөкейхан бір еңбегінде: «Інгіліз жұлдызшысы бұл соқпа комета 76 жылда жерден бір көрінеді деп айтып береді. Бұл комета аты ана інгіліз жұлдызшысы атымен Галлей қойылады» (12-т. 251-б.) – деп жазады.

Қыр баласы өзі аударған Д.М.Грабенің «Дүниенің құрылысы» деген еңбегінде «інгіліз» сөзін қазіргі тіліміздегі «ағылшын» сөзінің орнына қолданады. Ол «ағылшын жұлдызшысы» деген тіркесті түпнұсқа тілден тікелей «English» (инглиш) қазақ тіліне тікелей аударған. Терминді, шет тілі сөзін түпнұсқа тілден тікелей аударып алу тұрғысынан қарағанда, мұны сол кезең үшін тың, жаңа қадам ретінде тануға да болады.

Ә.Бөкейхан еңбектерінде бір сыңары қазақ сөзі екіншісі өзгеріссіз немесе аздаған өзгеріс енгізу арқылы алынған кірме сөз болып келетін бірқатар тіркестер де бар. Олардың қатарына: положение жобасы (8-т. 172-б.), закон жобасы (законопроект, 8-т. 222, 223-б.) октябрь төңкерісі (11-т. 246), бысокос жыл (12-т. 237, 238), тіркестерді қосуға болады. «Закон жобасы» тіркесі бір жағынан қазіргі қолданыстағы «заң» терминінің XX ғасыр басында қолданысқа әлі толық

енбегенін көрсетсе, екінші жағынан «проект» орнына «жоба» сөзінің сол кезден бастап қолданылғанын да айғақтап тұр.

**Өзгерісіз қолданылған кірме сөздер.** Әлихан Бөкейхан еңбектерінде орыс тіліндегі қалпында өзгеріссіз қолданылған кірме сөздер де аз емес. Кірме сөздерді қазақша жазудың ғылыми негізделген ережелері бекітіліп, көпшілік қауым жаппай қолданылатын емле ережелері толық орныға қоймаған кезеңде солай болуы да түсінікті. Қыр баласы көбінесе автономия, адрес, артель, блок, бюро, доклад, дружина, закон, запрос, земство, кворум, код, комитет, льгота, фракция, миллион, группа, право, союз, совет, ставка, штаб тәрізді кірме сөздерді аудармай, тұлғасын өзгертпей орыс тіліндегі қалпында жиі қолданады. Мысалы: «Дзубинский: «Тым болмаса қазақтың қазған арығы, салуды жоңышқасы, алма, мейіз салған бақшасы бұл закон бойынша қазына пайдасына алынбасын», – деді». (Қыр баласы. Үшінші Дума һәм қазақ. «Қазақ», 1913 ж., № 9. 8-т. 129-б.).

Осы мысалдағы «закон» сөзінің орыс тіліндегі нұсқасының қолданылуы «заң» сөзінің XX ғасыр басында әлі тілде толық тұрақтай қоймағандығынан хабардар етеді. Алаш көсемінің еңбектеріндегі өзгеріссіз қолданылған кірме сөздер жоғарыда аталған бірнеше сөзбен ғана шектелмейді. Олар ондап саналады. Біз ондай сөздердің бәрін тізіп беруді мақсат етпедік. Ә.Бөкейхан шығармаларының әр томынан алынған мына төмендегі атаулар автор қолданған кірме сөздердің елеулі бөлігі деуге болады: адвокат (9-т. 99, 103), акт (8-т. 135, 140), аренда (8-т. 121, 140, 170, 245; 9-т. 53), артель (1-т. 180), блок (9-т.74), бюджет (8-т. 187, 246, 445), бюро (9-т. 59, 84, 105, 108), вагон (9-т. 88), ведомство (8-т. 135; 9-т. 109), ветеринар (9-т. 103), волостной (8-т. 159), выборщик (8-т.213), выставка (11-т. 245, 246), газета (1-т. 45, 8-т. 208, 213, 436), гласный (8-т. 123, 266; 9-т. 216.), грамота (8-т. 447), граница (8-т.138), группа (8-т. 313, 314; 9-т. 69), декабрь (8-т., 266), депутат (8-т. 200, 201, 202, 213, 254), десятина (8-т. 170), диссертация (8-т. 430), доклад (9-т. 109, 130, 140), доктор (9-т. 133), донос (9-т. 108), дружина (9-т. 130, 140, 141, 154), жалование (8- 195, 384; 9-т 143, 237; 10-т. 73), жрец (1, 183), журнал (8-т. 213), закон (1 – 62, 79, 8-т. 121, 214, 217, 219, 222, 223, 415, 14-т. 76), завод (8-т. 514), запрос (8-т. 131, 254; 9-т. 59, 60, 74), землемер (8-т. 586), земство (8-т. 123, 266, 436; 9-т. 82, 216, 217), земски (1,173), излишка (8-т. 245-б.), инородец (8-т. 266, 518), инструктор (9-т. 237), июнь (8 – 187, 214, 222, 223), июль (8-т. 225), касса (1, 223), канцлер (8-т. 254), каторожная работа (8- 180), кворум (9-т. 50), колония (9-т. 176), комиссия (8-т. 415, 44; 9-т. 1175), комитет (9-т. 115, 118, 141, 176), коммунист (11-т. 470, 471, 472, 473, 474, 475, 476), корпус (8-т. 410-б.), курс (11-т. 247), льгота (9-т. 87, 105), март (8-т., 217, 320, 321, 471, 488), микроб (13-т. 298), миллион (14-т. 77), надел (8-т. 156, 219, 327, 14-т. 73 ), наместник (8 -т.139), начальник (9-т. 71, 133), норма (8-т., 216, 218, 219, 313, 587, 588), ноябрь (8-т. 246, 255), общество (8 – 180, 245), округ (8 – 135), октябрь (8-т., 213; 11-т. 246), октябрист (8-т., 222), отряд (9-т. 99), отставка (8-т. 254), офицер (8-т. 254, 449; 9-т. 153), пароход (1, 185), парламентаризм (8-т. 254), перевод (8-т., 222), переводчик (8-т. 488-б.), писатель (8-т., 225, 243, 434, 436), план (8-т. 201, 328, 342, 374,

448; 9-т. 251), планета (1-т. 187, 8-т. 111), подрайон (8-т. 301), политика (8-т. 215, 304, 434), положение (8-т., 222, 301), пособие (9-т. 134), председатель (8-т. 123, 214, 235, 303, 304), рапорт (1-т., 196), подписка (8-т. 376, 378), постановление (9-т. 75), потоспере (фотосфера. 12-т. 239), право (8-т. 180, 245, 246; 9-т. 88), правила (8-т. 518), правитель (8-т. 123), приговор (8-т. 121, 263), приказчик (8-т. 214), пристав (1-т. 223, 9-т. 60), провокация (10-т. 66), программа (9-т. 75, 121, 234), прокурор (8-т. 254), протест (9-т. 259), процент (14-т. 76), район (8-т. 239, 313), расход (8-т. 13, 159, 160, 168, 498; 9-т. 108), рескрипт (8-т. 330-б.), самоед (8 – 204, 330), самоуправление (10-т. 74), селение (8- 135), сентябрь (9-т. 99), склад (9-т. 217), смета (8-т. 189, 206), собрание (8-т. 123), совет (8-т. 123, 214, 215), советник (14-т. 74), сословие (8-т. 157), союз (9-т. 111, 118, 130, 217), список (1, 49; 9-т. 234; 10-т. 66), ссуда (1-т., 180), ставка (9-т. 82), статья (9-т. 50), стиль (8-т. 321), стипендия (9-т. 42, 133), страхование (8-т. 262; 9-т. 217), страховать (8-т. 262-б.), судья (8-т. 254, 268; 9-т. 217), сход (8 – 169, 263; 9-т. 88), судья (8-т. 142), телеграмма (8-т. 517; 9-т. 100, 117), съезд (10-т. 66), телефон (8-т. 198), таможня (8-т. 163, 194), токарь (8-т. 208), торг (8-т. 245), трахома (8-т. 334-б.), уездный (8-123), указ (8 – 121; 9-т. 121, 14-т. 76), указной (8 -139), университет (8-т. 445, 499, 9-т. 77), управа (9-т. 216), управление (8-т. 300; 9-т. устав (8-т. 156, 445, 488), училище (8-т. 445), член (8-т. 123, 215), цензура (8-т. 374), чиновник (9-т. 59), фабрика (9-т. 259), факультет (8-т. 499), фракция (9-т. 50, 68, 105), фронт (9-т. 111), шкаф (8-т. 488), юрист (9-т. 115) және т.б.

Бұл көрсетілген атаулар Ә.Бөкейхан еңбектерінде орыс тіліндегі қалпында өзгеріссіз қолданылған атаулардың толық тізімі емес. Жекелеген кірме сөздермен қатар арестантная рота (8-т. 262), аульное общество (8-т. 262), бюджет прениеси (8-т.189), военное положение (9-т. 99), земский сбор (8-т. 266-б.), оброшная статья//оброчная статья (8-т.189, 199, 201), перселен управлениеси (8-т. 189), судебная палата (8-т., 214), степной генерал-губернатор (8-т. 214), крестьянский начальник (8-т., 214), степной положение//степное положение (8-т. 217, 222), душевой надел (8-т., 219), сельский (селски) обыватель (8-т. 219-б.), каторожная работа (8-т. 225), бюджетная комиссия//бюджет комиссиясы (8-т. 246, 445), конституционная монархия (8-т. 249), статский советник (8-т. 275), тайный советник 8-т. 275; 14-т. 74), судебная палата (8-т. 383), трудовая группа (9-т. 119), гордской союз (9-т. 120), сияқты екі сыңары да орыс сөзінен тұратын сөз тіркестерін өзгертпей немесе орыс тіліндегі тіркестің бір сыңары аздаған өзгерістермен қолданылатын жағдайлар да кездесіп отырады.

Қыр баласының бұл сөз тіркестері мен проект, гласный, страховать, земство, совет, министр, собрание, губернатор сияқты орыс тіліндегі қалпында өзгеріссіз алынған сөздер шығармашылығының бастапқы кезеңінде әсіресе, 1915 жылдарға қарай көбірек қолданылғаны байқалады. Кейінірек Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Елдес Омарұлы сынды ұлт зиялыларының кірме сөздер мен терминдерді ұлт тіліне бейімдеп жазу қажеттілігін жан-жақты дәлелдеп жазып, өздері де солай қолдана бастағанын қыр баласы да қолдап, оның еңбектерінде қазақшаға бейімдеп жазылған сөздер

қатары артқаны байқалады. 1924 жылы өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде Е.Омарұлының баяндамасындағы кірме терминдерді ұлт тіліне бейімдеп жазуға қатысты дәлелдерін алаш зиялыларының көпшілігі жақтап, қаулымен бекітілген қағидаттар қатарына қосқанымен Н.Төрешұлы сияқты оқығандар оны қолдамады. Мәселен, Елдес: «Пән сөзді өз тілімізден таба алмаған күнде, иаурыпа қолданған латынша пән сөздерді алуға болады. Бірақ ондай жат сөздерді алғанда, – оны тіліміздің заңына келтіріп, өзгертіп алу керек» [8, 97] десе, Нәзір: «Қазақ тіліне лайық сөз табылмайтын болғанда, пән сөзді асыл түбірінен алу керек. Жана: Барлық қалықтардың бәріне ортақ, «ынтернационал», «демократия» сықылды пән сөздерді өзгертпей, жалпы иаурыпаның айтып отырған түрінде алу керек. «Абтомобил», «телеграф» сықылды текніке сөздерін де сол жалпы иаурыпаның қолданған түрінде алу керек. Ондай сөздерді қазақшаға аударып иаурыпадан алыстаудың пайдасы болмайды» [9, 101] деп, оған қарсы пікір білдірді.

Қазақ оқығандарының бұл пікірлері 20-жылдардың ортасында да олардың әлі ортақ тоқтамға келе алмағанын көрсетеді. Көп ұзамай-ақ 20-жылдардың аяғына қарай алаш қайраткерлері қудаланып, қамалып, олардың сиез қаулысымен бекітілген қағидаттары советтік қағидаттармен алмастырылғаны тарихтан белгілі. XX ғасыр басындағы уақыт тынысы осындай болып, кірме сөздер төңірегіндегі оқығандар ойының бір арнаға тоғыспауы Ә.Бөкейханның орыс тілі арқылы енген терминдерді түрліше жазуына әсер еткен негізгі себептердің бірі еді.

**Араб, парсы тілдерінен өзгеріссіз кірген сөздер.** Жиырмамыншы ғасыр басындағы жазушылар мен алаш қайраткерлерінің тілінде, әсіресе газет материалдарында кітаби тілге тән фонетикалық формалар жиі кездеседі. Оның ішінде араб-парсы кірмелерін түпнұсқаға сай жазу бұл шағатай жазба тілінің әсері. Жиырмамыншы ғасыр басындағы қазақ тіліндегі көптеген араб, парсы сөздерінің қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына бағынбай, өзгертілмей жазылуының екінші себебі (біріншісі, ортақ түркі әдеби тілі) дін оқуларының кең таралып, исламшылықтың дәуірлеп тұрған кезеңімен байланысты болса керек. Үшіншіден, қазақ даласында жоқ ұғымдарды білдіретін орыс сөздерін аударуда кей жағдайда термин ретінде араб, парсы сөздерін мақсатты түрде қолдану әрекеті де болған.

Ғалым С. Исаев кең таралмаған араб-парсы сөздері мен формаларын қолдану кітаби тіл дәстүрінің элементтерінің бірі деп айтады: «Кітаби тіл дәстүрі» деген тілдік құбылысты мына ыңғайда түсіну қажет: жалпы халықтық сипат ала алмаған, белгілі бір кезеңдерде жазба тілде, кейде жекелеген шығарма тілінде қолданылған араб-парсы сөздері мен формалары, туыстас халықтардың тілдерінен кездесетін кейбір жеке сөздер мен грамматикалық формалар» [2, 145].

Ә. Бөкейханның тілінде де түпнұсқаға жақын араб-парсы сөздері көбірек

кездеседі. Оның бір себебі оның ортаазиялық түркі әдеби тілі дәстүрімен таныс болғанымен байланысты болуы керек. Қыр баласы шығармаларында шағатай жазба тіліндегідей араб, парсы тілінен өзгеріссіз қолданылған кірме сөздердің кейбірі төмендегідей:

а) сөз басындағы «ғ» дыбысының сақталып жазылған нұсқалары: ғадат (1-т. 62; 8-т. 139), ғаділ (8-т. 202), ғаділдік (8-т. 187, 202, 222), ғаскер (8-т. 460), ғафилдік (кепідік) (8-т. 368), ғұмыр (9-т.194) және т.б.

Алаш көсемі шығармаларындағы «ғ» дыбысының сақталып жазылуы сол кезеңге тән құбылыс екенін «Дала уәләяты» газетінің тілін зерттеген ғалым Б.Әбілқасымов айтады:

«Қазақ тілінде «ғ» фонемасы сөз басында сирек кездеседі. Газеттерде (XIX ғ.аяғы) бұл заңдылық негізінен сақталғанымен, кейде жазба дәстүрдің үлгісімен «ғ» әрпінің сөз басында сақталып жазылған жайлары да кездеседі. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде сөз басындағы «ғ» түсіріліп, арыз, ақыл, амал, айып болып айтылып, солай жазылып жүрген сөздер газет материалдарында о бастағы түлғасы сақталып, ғарыз, ғақыл, ғамал, ғайб түрінде келіп отырады» [5, 53].

ә) сөз басында «һ» дыбысының сақталып жазылған варианттары:

Әлихан шығармаларында қазіргі әдеби тіліміздегі әр, еш сөздері мен әркім, әрдайым, ешкім, ешбір, ешнәрсе сияқты белгісіздік және болымсыздық есімдіктерінің алдына «һ» әрпі қосылып жазылады. Мұндай қолданыс 19-20 ғасыр басындағы кең таралған кітаби-жазба стиліне тән сипат. Сөз басындағы «һ» дыбысын түсірмей жазу сол кезеңдегі газеттер тіліне де таралған:

«Қазіргі қазақ тілінде «һ» фонемасымен келетін араб-парсы сөздері көп емес. Алайда газеттерде бұл фонема араб-парсы сөздерінде жиі ұшырап отырады. Мәселен бұл дыбыс сөз басында һәр, һәм, һөнер, һич (еш), һәскер деген секілді сөздерде кездессе, сөз ортасында шаһар, жаһад, таһалим, баһа, мәшһүр, шүбаһа, фаһам деген сияқты сөздерде жазылып отырған, ал қазіргі тілімізде бұл сөздердің көпшілігінде «һ» дыбысы басқа дыбыспен алмастырылады не мүлдем жазылмайды» [5, 53].

XX ғасыр басындағы алаш зиялылары сияқты және газет тіліндегідей Әлихан шығармаларында «һ»-дан басталатын сөздерден бөлек есімдіктердің де қолданысы жиі ұшырасады. Аталған есімдіктер мен «әм» шылауының һ-дан басталып жазылуы сол кезең үшін норма болып саналған. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Ә.Бөкейхан еңбектерінен алынған тағы бірнеше мысал келтіре кеткен жөн болар деп санаймыз. Мәселен, һәм (1-т. 38, 45, 50, 79, 85; 8-т., 281, 368, 463), һәммәсі (9-т. 79), һәр (1-т., 39, 45, 57, 172, 180, 8-т. 114, 139, 367), һәрбір (8-т. 463.), һәрдәйім//һәрдайым (1-т., 57; 8-т. – 338), һәркім (1-т. 38, 85; 8-т., 249, 281, 559, 569), һәрқайсысы (8-т. 282, 349, 566), һәр түрлі (8-т. 282), һеш (1-т. 49, 55, 79, 8-т., 114, 115), һешкім//һәшкім (1-т., 57, 187, 8-т. 110, 348, 475,569), һешбір//һәшбір (1-т., 78, 79; 8-т., 249, 538), һешнәрсе (1-т., 79), һешқайсысы (10-т. 193) және т.б.

Бұл келтілген мысалдар арасынан Ә.Бөкейхан еңбектерінде ең жиі

кездесетін сөздің бірі парсының һәм жалғаулығы. М.Балақаев бұл сөздің ескі әдеби тілдің нормасы ретінде «кітаби тілде», сол дәуірдің ісқағаздарында кеңінен қолданылғанын атап көрсетеді [6, 228].

Һәм жалғаулығы Абай мен Шәкәрім шығармаларында және ХХ ғасыр басында шығармашылықпен айналысқан Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы (Аққу, шортан һәм шаян, Арыстан, киік һәм түлкі және т.б.) бастаған алаш оқығандарының еңбектерінде де жиі кездесіп отырады.

Қазір ескі әдеби тіл элементі саналатын Һәм-нің 20-30 жылдар әдебиетінде де жиі қолданылуы жазу дәстүріндегі жалғастықтың үзілмегенін әрі қалыптасып жатқан жаңа әдеби тіл үшін де жат саналмағанын көрсететін деректердің бірі. Басқаша айтқанда, мұндай мысалдар жазба тілде орныққан нормалардың бірден жойылып кетпейтінін де айғақтайды.

Газет беттерінде белгісіздік, болымсыздық есімдіктерінің құрамында келген «һеш», «һәр» сөздері құрамындағы сөзден бөлек те жазылған: һәр бір, һеч кім [5, 60].

Ә.Бөкейхан еңбектерінің жинағында олар бірге жазылған: «Сол көп шығын шығарады, һәрдәйім жұмыскер даяр болмаған соң...» (1-т. 57); Сонда да жарлықты һешкім орнына келтіре қойған жоқ» (1-т., 57); «Сонда да болыстың бұл сөзі өзіне һешбір пайда келтірмейді» (1, 78). «Мен һешнәрсе білмеймін» (1, 79) және т.б.

Әлихан еңбектерінде «һ» дыбысы сөз ортасында да сақталып жазылған: жаһыл (білімсіз, надан. 8-т., 110), зәһір (8-т.339), мейһір (мейір) (8-т. 399) және т.б.

Ә.Бөкейхан мақаларында қазақтың төл сөздеріне тән емес «ф» және «х» дыбыстары өзгертілмей жазылған: файда (1-т. 173; 8-т. 348, 506), фарыз (8-т. 506), фәни (1-т. 50), фікір (8-т. 249, 345, 346, 506), шәфқат//шафқат (8-т. 339), іттіфақ (8-т. 109), іттіфақсыздық (ынтымақсыздық 8-т. 111), муафақ (сәтті. 8-т. 371), хафа (8-т. 338, 339), хафалық (8-т. 339), хиллаф (қарсы, жалған. 8-т. 386); махалле (аудан) (1-т. 74; 8-т. 383, 384, 385), мәрхамат//мархамат (мейірім. 8-т. 339, 410, 411), мехкеме (1-т. 56, 172, 8-т. 115), хакім (9-т. 99), хакімлік (8-т. 281), хақиқат (8-т. 114, 371), халаф//хилаф (қарсы. 8-т. 114; 9-т. 75), хата (8-т. 114, 115), хүкім (1-т. 64, 8-т. 139, 184), хүкімет (1-т. 45, 8-т.187, 248, 340; 9-т. 259; 10-т. 90; 11-т. 245) және т.б.

Бұл дыбыстардың қолданысына қатысты Б.Әбілқасымов былай деп жазады: «Ф, х фонемалары қазақ тіліне араб, парсы тілдерінен (орыс тілінен бөлек) сөз енумен байланысты келген кірген фонемалар. Сондықтан газеттерде бұл фонемалар, негізінен, араб, парсы тілдерінен енген сөздерде ғана жазылған. Ол сөздерде бұл фонемалар сөздің барлық позициясында келе береді. Хазірет (Әзірет сұлтан), хұрмет (құрмет, үрмет), хүкім (үкім), харекет (әрекет), хата (қате), хұсұсы (негізі); мархамат, ахыры, ыхтияр, мұхтаж, рұхсат, фікір, файда, фарман (пәрмен), фара (пара), шафағат, дафтар, офат, тарафы, лтифат» [5, 53].

Сонымен қатар ғалым араб, парсы сөздерін шартты түрде екіге бөледі: «Жалпы газет бетінде кездесетін араб, парсы сөздерін сол кездегі халықтың

сөйлеу тілінде жиі кездесетін және көбінесе жазба, діни әдебиеттерде кездесетін деп шартты түрде екіге бөліп қарауға болады. Бірінші топқа кітап, ғылым, сағат, адам, хат, ұстаз, жауап, дүние сияқты абстракты ұғымдардың атаулары жатады. Екінші топ сөздер негізінен кітаби, діни лексикаға тән сөздер болып келеді де оқымаған халық бәрін түсіне бермейтін, ауызекі тілде қолданылмайтын сөздер болады. Бұған фікір, тарафы, ғибрат, хүкім, лұғат, ғизатлы, низам, ләкин секілді сөздерді жатқызуға болады» [5, 77].

Ә.Бөкейхан жазбаларындағы жәмәғит (жамағат) (8-т. 281), мәсжид (мешіт) (8-т. 348, 448, 555, 556), тағсіби (фанатизм 8-т. 116), ығлан//иғлан (жария, хабар. 9-т. 99, 109), және т.б. сөздерді екінші топқа жатқызуға болар деп есептейміз.

**Нәтижелер.** Сонымен Ә.Бөкейхан араб, парсы тілдерінен енген дейтін сөздерді сол тілдердегі таңбалануына жақындатып немесе олардың әдеттегі жазба нұсқаларындағы жазылу үлгісінен өзгертпей алуға тырысқан. Мысалы халықтың сөйлеу тілінде ерте заманнан әдет, өнер, есеп, дау, әскер т.б. айтылатын сөздер ғадет, һөнер, хисап, дағуа, ғаскер түрінде жазып отырған. Мұндай кірме сөздер мен тұлғалардың көбі әдеби тілге сіңіп, норма ретінде орнықпай белгілі бір кезеңдегі тілдік қолданыс ретінде қалып қойды. Ал олардың бұрынырақ кірген әскер, әділ, кепіл, қате, қапа, т.б. секілді варианттары болса тілімізде бұрыннан белсенді жұмсалып келеді. Бұл жерде ХХ ғасыр басындағы жазба әдеби тіл нормаларын орнықтыру барысында қазақ оқығандарының арасында араб, парсы сөздерін өзгертпей түпнұқа тілдегідей жазу, орыс және орыс тілі арқылы енген батыс тілдерінің терминдерін араб, парсы сөздерімен алмастыру бағытын ұстанушылар да [2, 589] болғанын айту керек. Ә.Бөкейхан еңбектерінде де ондай сөздердің болуы соны растайды. Әлихан Бөкейхан шет тілдерінен сөз алу, кірме сөздерді игеру мәселесінде өзімен мақсат-мұраты бір, ең сенімді серігі алаш қайраткері, ірі оқымысты, лингвист ғалым Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлт зиялыларымен ғылыми ұстанымдары да ортақ болған. Олар ең алдымен ғылыми терминдерді қазақтың өз тілінде жасап, туысқан түркі тілдерінен сөз алмасып, ал ғылым саласында кең тараған батыс тілдері сөздерін қазақ тілінің айтылымына бейімдеп алу қағидатын ұстанды. Алаш көсемі еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы соны айғақтайды.

**Қорытынды.** Ә.Бөкейхан еңбектерінде [10], [11, 316] негізінен араб, парсы және орыс тілі арқылы енген еуропа тілдерінің сөздері қолданылады. Олардың басым бөлігі ғылыми терминдер мен ХХ басында белсенді қолданыста болған қоғамдық-саяси лексика.

Біріншіден, қыр баласы орыс және батыс тілдері сөздерінің елеулі бір бөлігін қазақ айтылымына, тілдің фоно-морфологиялық заңдылықтарына сай икемдеп, орыс тіліндегі қалпын сақтамай, тұрқын өзгертіп жазған. Мысалы: әпірел, әтірәт, гүбірне, зауыт, натыр, парақот, пелішер, сәбет, ыстақан, ыстанса, ыстаршын, іспектір, ішкөл және т.б.

Кейде мұндай сөздер гүберне/гүбірне/губерне, ояз/оязнай, ыстаршын/ыстаршин, ішкөл/ышкол түрінде бірнеше нұсқада жазылады.

Сонымен қатар қыр баласы еңбектеріндегі кірме сөздердің бір бөлігі орыс тіліндегі қалпын сақтап, өзгертілмей де жазылады. Мысалы: акт, аренда, бюджет, выборщик, газета, гласный, жалование, закон, запрос, кворум, комитет, коммунист, надел, наместник, писатель, председатель, подписка, советник, союз, страхование, управление, фракция, юрист және т.б.

Ә.Бөкейхан сынды қазақ, орыс тілдерін жетік білген, жазу ісіне аса жауапты жан-жақты білім иесінің еңбектеріндегі орыс тілі арқылы енген кірме сөздердің бірде тұрқы өзгертіліп, енді бірде өзгеріссіз жазылуы шет тілі сөздерін қабылдау мен жазуға арналған емле ережелері мен нормаларының XX ғасыр басында әлі толық орнығып, жаппай басшылыққа алына қоймағанын көрсетеді.

Екіншіден, Ә.Бөкейхан ғадат, ғаділ, ғаділдік, ғаскер, ғафилдік, ғұмыр, һәм, һәммәсі, һәрбір, һәрдәйім, һәркім, һәрқайсысы, һәр түрлі, һеш, һешкім, һешбір, һешнәрсе, һешқайсысы сияқты араб, парсы сөздері түпнұсқа тілдегі қалпында жазылады. Бұл құбылыс кітаби-жазба тілдегі араб, парсы сөздерін жазу дәстүрінің XX ғасыр басында да сақталғанын, орысша білім алған қазақ оқығандарының да оны бұзбағанын көрсетеді.

#### Әдебиеттер:

1. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. Оқу құралы. – Алматы: Зият пресс, 2004. – 64 б.
2. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
3. Абай. – Санкт-Петербург: Восточная печать, 1909. – 120 б.
4. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 136 б.
5. Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: Ғылым, 1971. – 188 б.
6. Балақаев М. Орфографиялық және орфоэпиялық нормалар // Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: Арыс, 2008. – 592 б.
7. Жұмағұл С.Б., Шалғынбекова А.Б., Жұмағұл А.Б. Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі мақал-мәтелдер: этно-социофольклортану аспектісіндегі талдау. // А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – №1/2023. – Б. 191-201. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.15>
8. Омарұлы Е. Қазақша пән сөздер // Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Алматы, 2005. – 97 б.
9. Төреқұлұлы Н. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Алматы, 2005. – 101 б.
10. Бөкейхан Ә. Шығармалары-Сочинения. Толықтырылған екінші басылымы. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2016. 15 том. Құрастырған, алғысөздері мен түсініктерін жазған С.Жүсіп (Аққұлы).
11. Konrbayev H.U., Zhussip S.K., Ibadullayeva Z.J., Anarbayev K.S., Shagirbaev M. Kazakh sheep breeding in scientific works of Alikhan Bukeikhan // Astra Salvensis. – 2021. – 12 (8). – P. 313-324. DOI: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216435024>



### Ш. КУРМАНБАЙҰЛЫ

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан

**Аннотация.** На сегодняшний день, когда широко обсуждается вопрос о переходе на современную латиницу, особенно актуален вопрос написания иноязычных слов. Важно глубоко изучить практику заимствования и написания иноязычных слов в начале XX века, так как правописание многих слов на тот момент времени горячо обсуждалось и было предметом многих дискуссий. В данной статье будет рассмотрено употребление слов и их написание в произведениях Алихана Букейхана, виднейшего представителя казахской литературы начала XX века, лидера партии Алаш, крупного деятеля-ученого. В произведениях Алихана Букейхана, вошедших в 15-томный сборник сочинений, используется много иноязычных слов. В основном эти слова из западноевропейских языков, которые стали известны посредством арабского, персидского и русского языков, а также широко распространенные научные термины. Алихан Букейхан изменил значительную часть слов из западноевропейских языков, пришедших через русский язык, приспособив их к казахскому произношению. Большая часть носителей казахского языка на данный момент пишет иноязычные слова на русском языке без изменений. Арабские и персидские слова в основном используются в исходном виде, не нарушая традиции книжного языка. В статье пойдет речь о причинах и правилах этого написания, а также правописании иностранных слов в начале XX века.

**Ключевые слова:** Алихан Букейхан, заимствованные слова, арабские и персидские слова, слова, введенные посредством русского языка, языковая норма, литературный язык, орфография, письмо, литературный язык

### SH. KURMANBAYULY

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Annotation.** Annotation. Today, when the issue of switching to the modern Latin alphabet is widely discussed, the issue of writing foreign words is especially relevant. It is important to deeply study the practice of borrowing and writing foreign words at the beginning of the 20th century, since the spelling of many words at that time was hotly discussed and was the subject of many discussions. This article will consider the use of words and their spelling in the works of Alikhan Bukeikhan, the most prominent representative of the Kazakh literature of the early twentieth century, the leader of the Alash party, a prominent scientist. In the works of Alikhan Bukeikhan, included in the 15-volume collection of essays, many foreign words are used. These are mainly words from Western European languages, which became known through Arabic, Persian and Russian, as well as widely used scientific terms. Alikhan Bukeihan changed a significant part of the

words from Western European languages that came through the Russian language, adapting them to the Kazakh pronunciation. Most of the native speakers of the Kazakh language currently write foreign words in Russian without changes. Arabic and Persian words are mainly used in their original form, without violating the traditions of the bookish language. The article will discuss the reasons and rules for this spelling, as well as the spelling of foreign words at the beginning of the 20th century.

**Keywords:** Alikhan Bukeikhan, borrowed words, Arabic and Persian words, words introduced through the Russian language, language norm, literary language, spelling, writing, literary language

### References

1. Aigabylov A. Qazaq tiliniñ leksikologiasy. Oqu qūraly. – Almaty: Ziat pres, 2004. – 64 b.
2. İsaev S. Qazaq til biliminiñ мәseleleri. – Almaty: Abzal-Ai, 2014. – 640 b.
3. Abai. – Sankt-Peterburg: Vostochnaia pechät, 1909. – 120 b.
4. Myrzabekov S. Qazaq tiliniñ fonetikasy: oqu qūraly. – Almaty: Qazaq universiteti, 1993. – 136 b.
5. Äbilqasymov B. Alğaşqy qazaq gazetteriniñ tılı. – Almaty: Ğylym, 1971. – 188 b.
6. Balaqaeв M. Orfografiyalıq және orfoepialıq normalar//Qazaq til biliminiñ мәseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznanıa. – Almaty: Arys, 2008. – 592 b.
7. Jūmağūl S.B., Şalğynbekova A.B., Jūmağūl A.B. Älihan Bökeihan eñbekterindegi maqal-mätelder: etno-sosioföklortanu aspektisindegi taldau. // A.Qūsaiynov atyndağı Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarşysy. – №1/2023. – B. 191-201. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.15>
8. Omarūly E. Qazaqşa pän sözder // Qazaq bilimpaздарыnyñ tüñғыş siezi. – Almaty, 2005. – 97 b.
9. Töreқūlūly N. Qazaq bilimpaздарыnyñ tüñғыş siezi. – Almaty, 2005. – 101 b.
10. Bökeihan Ä. Şyğarmalary-Sochinenia. Tolyqtyryлған екінші басылымы. – Astana: Saryarqa, 2016. 15 tom. Qūrastyрған, алғысөздері мен түсініктерін jazған S.Jūsıp (Aqqūly).
11. Konrbayev H.U., Zhussip S.K., Ibadullayeva Z.J., Anarbayev K.S., Shagirbaev M. Kazakh sheep breeding in scientific works of Alikhan Bukeikhan // Astra Salvensis. – 2021. – 12 (8). – P. 313-324. DOI: <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57216435024>

### Автор туралы мәлімет:

**Құрманбайұлы Шерубай** – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Құрманбайұлы Шерубай** – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Kurmanbayuly Sherubay** – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.